

Бесқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 қазандағы № 21/11-VIII "Бесқарағай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 наурыздағы № 38/5-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 1 сәуірде № 38272 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабының 2 тармағына сәйкес Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бесқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 қазандағы № 21/11-VIII "Бесқарағай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 352-18 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Абай облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Бесқарағай аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абылгазинова